

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

Жалпы, «Аңдар шаһары» мультфильмін қазақ тіліне аудару кезінде өзіндік мағынасын сақтап, оны қазақ мәдениеті мен тіліне бейімдеу үшін түрлі аударма трансформацияларын пайдалану қажет.

Қорыта келгенде, зерттеу жұмысымыздың бірінші тарауында кино өнердің қазіргі жағдайы, кино өнер мен аударманың байланысы, аудиовизуалды аударманың негізгі ұғымдары және мультфильмдерді аударудың негізгі мәселелері қарастырылды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Юнусова М. О. Проблемы аудиовизуального перевода в жанре мультипликационного фильма (на материале англоязычного мультипликационного сериала «Свинка Пеппа») //Актуальные вопросы филологической науки XXI века. — Часть 1.—Екатеринбург, 2017. – 2017. – С. 164-170.
2. Васильева, И. В. Языковые и культурные проблемы перевода мультипликационных фильмов: на материале мультфильма "Шрек". Кандидатская диссертация, 2019.
3. Ковальчук, И. Н. переводы мультипликационных фильмов: особенности и методы перевода. Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Лингвистика, 2014.
4. Шаймарданова, М. Особенности перевода английских наименований в мультфильме "Зверополис" на казахский язык. Материал международной научной конференции "Новые исследования в области лингвистики", 2020.
5. Официальный сайт казахстанского кинопроизводства - <http://kazakhfilm.kz>
6. Интернет-ресурс по переводу и мультипликационному поиску: Proz.com, Subtitling, TranslatorsCafe, а также ресурс, посвященный переводу на казахский язык.

ӘОЖ 347.78.034

### **ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ТІЛАРАЛЫҚ БЕРІЛУІ**

**Ганивал Лаура Монголханқызы**

[Ganivallaura@gmail.com](mailto:Ganivallaura@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті «Аударма ісі» мамандығының 2 курс магистранты  
Қазақстан, Астана қаласы,  
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Сәтенова С.К.

Қазіргі әлемде саяси коммуникацияның маңыздылығы артып келеді, оны дұрыс түсіндіру бірқатар әлеуметтік-саяси мәселелерді шешуге байланысты. Бір жағынан, саяси тілге деген қызығушылық заманауи өмірдің ерекшеліктерімен түсіндіріледі: ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі артып келеді, жаһандану тенденциясы қарқын алуда. Қоғамдық лексика айтарлықтай мәнге ие, сондықтан да қоғамдық-саяси ақпараттың аудармасы да негізгі мәселелердің санатына жатады.

Бүгінде шетелдерде болсын, Қазақстан Республикасында болсын қоғамдық-саяси аударма ең көп талап етілетін аударма болып табылады.

"Қоғамдық-саяси ақпараттық тілдік бірліктердің тіларалық берілуі" тақырыбының өзектілігін қазіргі жағдайда қоғамдық-саяси мәтіндерді аудару, насихаттау және идеологиялық күрестің құралы ретінде әрекет ете отырып, ерекше мәнге ие болатындығымен байланыстырамыз. Қазақ және ағылшын тілді аудиторияға бағыттап жыл сайын шығарылатын қоғамдық-саяси мәтіндердің көлемі ауқымды. Мұнда қоғам қайраткерлерінің сөйлеген сөздері; халықаралық, үкіметтік және қоғамдық ұйымдардың жарияланымдары;

халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге, қару-жаракты шектеуге және т. б. арналған мақалалар кіреді.

Зерттеуіміздің мақсаты - қоғамдық-саяси ақпараттық лексиканың тіларалық берілуі амалдарын айқындап, сипаттау.

Зерттеу жұмысымыздың дереккөзі ретінде Qazaq TV телеарнасының ресурстары алынды. Телеарна бағдарламалары қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ұсынылады. Ізденісімізде қазақ және ағылшын тілдеріндегі материалдар іріктеліп, сарапталды.

Алдымен аудармада тілдік табиғатының күрделілігімен ерекшеленетін саяси метафораларға тоқталамыз. Саяси метафоралар әдетте саяси дискурста абстрактілі мағыналар мен ассоциацияларды қысқа және есте қаларлық тіркестер арқылы жеткізу үшін қолданылады. Ағылшын тіліндегі саяси метафоралардың бірнеше мысалдары:

"The ball is in your court" - бұл сөз тіркесі іс-әрекетке немесе шешім қабылдауға жауапкершілік енді басқа біреуге жүктелетінін жеткізу үшін қолданылады

The opposition party has made their demands, and now the ball is in the government's court to respond and take action. Оппозициялық партия өз талаптарын қойды, ендігі әрекет ету кезегі Үкіметте.

"The wheels of justice turn slowly" - бұл метафора құқықтық жүйенің баяу қарқынын білдіреді.

John has been waiting for years for justice to be served, but the wheels of justice turn slowly.

Джон әділеттіліктің жеңіске жетуін жылдар бойы күтті, бірақ Әділет дөңгелектері баяу айналады.

"A Pandora's box" - бұл метафора күтпеген және жағымсыз салдары бар жағдайды немесе оқиғаны көрсету үшін қолданылады.

The recent scandal has opened up a Pandora's box of corruption allegations. - Жақында болған жанжал Пандораның сыбайлас жемқорлыққа қатысты айыптау қорабын ашты.

Шығу тарихына тоқталатын болсақ, Грек мифологиясында Пандора құдайлар жасаған алғашқы әйел болды. Оған сыйлық ретінде қорап (немесе құмыра) берілді, бірақ оны ешқашан ашпау керектігін ескертті. Алайда, Пандораның қызығушылығы басым болып, оны ашып, ішінен ауру, аштық және соғыс сияқты әлемнің барлық зұлымдықтарын босатып жіберді. Содан кейін ол қорапты тез жауып, ішіндегі соңғы нәрсені - үмітті құлыптап үлгерген екен.

"Пандора қорабы" тіркесі қазір ашық болған кезде бірқатар күтпеген және жағымсыз салдарға әкелетін жағдайды сипаттау үшін метафора ретінде қолданылады. Бұл метафора грек мифінен бастау алады және тарих бойы әдебиет пен мәдениетте қолданылған. Бұл көбінесе кейбір нәрселерді өзгеріссіз немесе зерттемей қалдырған дұрыс деген идеямен байланысты, өйткені олардың салдарын болжау немесе бақылау өте қиын болуы мүмкін.

Саяси метафоралардағы бейнелеу мен бағалаудың өзара қарым-қатынасына қатысты келесі пікірге сүйенер болсақ, саяси мәтінде, пікір - пайымдауда шетел баспасөзінен енген метафоралар кездеседі, мысалы: *қара пантералар; гориллалар, «жібекке оранған»; державалардың концерті* және т. б. Мұндай метафоралар кей жағдайда арнайы сөздіктерде тіркеледі (Е. А. Караганов, 2015). «Қара пантералар» – бұл АҚШ-тағы леворадикалды шағын буржуазиялық негритян партиясы. «Горилла – зорлық әрекеттерін жақтаушы (әдетте жоғары қызметтегі әскери адам туралы)». Мәтіндерден мысал келтірейік:

*Эдгар Гувер құпия меморандумда... «қара пантера» партиясын және оның көшбасшыларын аластау үшін ең қатаң шараларға жүгінудің қажеттілігін түсіндірді. Бүгін стресснерлер мен Пиночеттер, сомостар және соларға ұқсас «жібекке оранған гориллалар» диктаторлар орнын әлі де сақтап қала алады. Париждегі "Матин" газеті Францияның Чадтағы оқиғаға әскери араласуын «ягуарлар» дипломатиясы деп атайды [4:15].*

Л.К. Латышев аудармадағы мынадай амал-тәсілдерді атап көрсетеді: 1) транслитерация; 2) калькалау; 3) жақындатылған аударма (аналог/балама); 4) ұлттық ерекшелігінің элиминициясы; 5) сипаттама аударма [4:19].

Қоғамдық саяси ақпараттық метафоралардың тіл аралық берілуін қарастыруда бірнеше топтарға бөлеміз: 1.Аналогтық. 2.Калькалау. 3.Транслитерация. 4. Транскрипция.

5. Транслитерация мен транскрипцияның салыстырмасы. 6. Транскрипция мен семантикалық аударманың тіркесімі.

1. *Аналогтық аударма*. Қазақ және ағылшын тілдерінде метафоралар толық, яғни екі тілде дайын баламалар немесе аналогтар болады. Аналог дегеніміз — қазақ және шетел тілдеріндегі лексикалық бірліктер мағынасының жақын болуымен ерекшеленеді (Н.Р. Омаров, 2009).

Мысалы:

| Түпнұсқа тілінде      | Ағылшынға аудармасы                                 |
|-----------------------|---|
| ауырсоққы болу        | to be under the gun                                 |
| біреудің қытығына тию | to tickle one's vanity (to shot somebody's nervous) |
| Ақ үй                 | White house   |
| Сандары өсуде         | Numbers are climbing                                |

*Ақ Үй* (ағылш. the White House) - Вашингтондағы АҚШ Президентінің резиденциясы. Ауыспалы мағынада *Ақ Үй* АҚШ үкіметін білдіреді. Америка президентінің резиденциясы болған федералды ғимараттың алғаш іргетасы 1792 жылы 13 қазанда қаланған. Оның үлгісін архитекторлар арасындағы жобаны ұтып алған тегі ирландық Джеймс Хобан ұсынған. Алғашында Президент үйі, Президент сарайы болып аталып келген. 1812 жылы сұр тастан салынған ғимаратты британиялық әскерлер басып, өртеп жіберген. Кейінірек, 1817 жылы Хобанның басшылығымен бастапқы қалпына қайта келтірілді. Қабырғалардағы өрттің қалдырған таңбаларын кетіру мақсатында ақ түспен сырлап шықты. Содан кейін 1902 жылы Теодор Рузвельт бұл ғимаратқа *Ақ үй* деген атау берген [5].

Бұл мысалдардан саяси метафоралардың қазақ тіліне бір – біріне сай келетін баламалар, аналогтар арқылы аударылғандығы көрінеді [4:10]. Саяси метафораларды аударуда *калька* әдісі де қолданылады. Калька - бір тілдегі лексикалық бірліктердің екінші тілде оларға сай келетін сөздер мен сөз тіркестері арқылы берілуі. Мысалы:

| Түпнұсқа тілінде | Ағылшынға аудармасы    |
|------------------|------------------------|
| Нәзік мәселе     | Sensitive topic; [2]   |
| Жарқын болашақ   | Bright future; [2]     |
| Дабыл қағу       | to sound the alarm [4] |

Лексикалық түрлендірулер аударма барысында егер түпнұсқа мәтінде стандартты емес тіл бірлігі сөз деңгейінде болса, мысалы, бастапқы тіл мәдениетіне тән және аударма тілінде жоқ тиісті атау болса; белгілі бір кәсіби саладағы термин; басқа құрылымдық-функционалдық тәртіпке ие объектілерді, құбылыстар мен ұғымдарды білдіретін сөздерді жеткізуде қолданылады. Мұндай сөздер аударма үдерісінде өте маңызды орын алады, себебі, мәнмәтінмен салыстырмалы түрде тәуелсіз болады және аударма мәтініне әртүрлі бағыт береді.

2. Транслитерация түпнұсқа тіліндегі оның ережелеріне сәйкес келетін белгінің лексикалық қысқалығын сақтау маңызды болған кезде қажет, сонымен бірге егер аударма тілінде нақты сәйкестік болмаса, тұжырымдаманың ерекшелігін атап өту керек. Транслитерацияны қолданудың орындылығын бағалай отырып, осы ерекшеліктің берілуінің

қаншалықты маңызды екенін нақты ескеру қажет. Егер соңғысы қажет болмаса, онда транслитерацияны қолдану мағынаның бұзылуына және ана тілінің ластануына әкеледі.

Транслитерацияланған сөз сирек қолданылған кезде, әсіресе, алғаш рет қазақ тіліне аударылған кезде, түсініктеме және тиісті мәлімет қажет болуы мүмкін. Мысалы: BBC news - BBC жаңалықтары (BBC News - “BBC” компаниясының жаңалықтар мен ағымдағы оқиғаларды жинауға және таратуға жауапты операциялық бөлімшесі).

Шетелдік атауларға қатысты-нақты немесе ойдан шығарылған адамдардың аты - жөні, географиялық атаулары және т.б. болсын - оларды аудару кезінде дыбыстық ерекшелігі және сәйкесінше оларды жазу туралы мәселе өте маңызды. Егер екі тілде әліпбидің жалпы жүйесі болса (мысалы, батыс еуропалық роман, неміс тілдерінде), олар аудармаларда және түпнұсқа мәтіндерде есімдердің дыбыстық формасын сақтамайды, тек жазылуын дәл дыбыстаумен – транслитерациямен шектеледі.

Кең таралған атауларға немесе қарапайым атауларға қатысты аудармашы түпнұсқадағы дыбысқа жақындау мүмкіндігіне қарамастан, дәстүрлі аударманы басшылыққа алады. Кейде дәстүрлі қазақ емлесі шетелдік атаудың нақты фонетикалық формасына өте жақын болады, Мысалы:

|                     |                        |
|---------------------|------------------------|
| Taliban             | Талибан                |
| Syria               | Сирия                  |
| Afghanistan         | Ауғаныстан [2]         |
| Ministry of vaccine | вакцинация министрлігі |
| laser               | лазер                  |

### 3. Аударма транскрипциясына мысал келтіретін болсақ:

|                                   |                    |
|-----------------------------------|--------------------|
| Mark (фейсбук «патшасының» есімі) | Марк               |
| Senetek                           | Синетек            |
| Dr. Seymour Cohen                 | Доктор Сеймур Коэн |

### 4. Транслитерация мен транскрипцияның салыстырмасы:

|            |                |                       |
|------------|----------------|-----------------------|
| Түпнұсқа   | Транслитерация | Транскрипция          |
| Zuckerberg | Цукерберг      | Закерберг / Закербёрг |
| Nike       | Найк           | Найки                 |

### 5. Телебағдарлама тілінде географиялық атауларды семантикалық тәсілмен беру біршама кездеседі, яғни транскрипция мен семантикалық аударманың тіркесімі:

|                   |                 |
|-------------------|-----------------|
| River Thames      | Темза өзені     |
| the Pacific Ocean | Тынық мұхиты    |
| Hilton Hotel      | Хилтон қонақүйі |
| Aura Restaurant   | Мейрамхана Аура |

Телебағдарлама тіліндегі оқу орындарының атаулары ішінара немесе толық семантикалық аударма арқылы жеткізілгенін байқауға болады:

|                                      |                                |
|--------------------------------------|--------------------------------|
| Western Michigan University          | Батыс-Мичиган университеті;    |
| Stanford Graduate School of Business | Стэнфорд Жоғары бизнес мектебі |
| North Park University                | Солтүстік Парк Университеті    |

Қорытындылай келе, қоғамдық саяси және ақпараттық тілдік бірліктердің аудармада алар маңызы зор деп нақты айта аламыз. Қоғамдық саяси метафораларды және басқа да

тілдік бірліктерді аудару ұлттық болмысты тануға, ұлтаралық қарым-қатынастарды жақсарту мен нығайтуға оң әсер етеді.

Qazaq TV телеарнасының бағдарламаларына талдау жасау барысында қоғамдық саяси және ақпараттық тілдік бірліктердің аударылуының басты бірнеше жолдарының бар екендігі анықталды. Зерттеу нәтижесінде ең тиімді тәсіл ретінде *транскрипция, транслитерация, калькалау* әдістері танылды.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. / [Электронный ресурс] // : [сайт]. — URL: [Http://www.atexnik.ru/index/inostrannye\\_yazyki/vidy\\_perevodcheskix\\_transformacij.Php](http://www.atexnik.ru/index/inostrannye_yazyki/vidy_perevodcheskix_transformacij.Php)
2. / [Электронный ресурс] // : [сайт]. — URL: [Https://youtu.be/u7xbqkufhq4](https://youtu.be/u7xbqkufhq4)
3. / [Электронный ресурс] // : [сайт]. — URL: [Http://xreferat.ru/31/1791-2-frazeologizmy-s-nacional-no-kul-turnym-ob-ektom-na-primere-nemeckogo-yazyka.html](http://xreferat.ru/31/1791-2-frazeologizmy-s-nacional-no-kul-turnym-ob-ektom-na-primere-nemeckogo-yazyka.html)
4. Скакова А.Қ. Саяси метафоралардың аударылу ерекшеліктері/ Скакова А.Қ. [Текст] // Central Asian Journal of Translation Studies. — Алматы, Қазақстан: Ұлағат порталы, 2020. — С.
5. Саяси түсіндірме сөздік [Текст] / {surnames\_reversed} — . — Алматы: , 2007 — 616 бет с.

УДК 81-40

### ОСОБЕННОСТИ СУБТИТРИРОВАНИЯ АМЕРИКАНСКИХ СЕРИАЛОВ

#### Жайлаубаева Фатима Нуржанкызы

магистрант 2 курса обучения образовательной программы  
7M02302 – Переводческое дело, Филологического факультета

Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан  
Научный руководитель – доктор PhD Ескиндинова М.Ж.

Распространение зарубежных фильмов и сериалов в нашей стране, в частности американских растет день ото дня, поэтому переводчикам необходимо уделять большое внимание аудиовизуальному переводу, особенно субтитрированию, благодаря которому зрители не только могут понять суть происходящего на своих экранах, но и провести время с пользой за просмотром своего любимого сериала, так как этот вид аудиовизуального перевода служит помощником при изучении иностранного языка.

Одним из самых популярных американских сериалов по сей день является “Friends”, вышедший на экраны в 1994 году. Он был признан одним из лучших комедийных сериалов и сохраняет высокие рейтинги несмотря на время. Сериал особенно пользуется спросом среди тех, кто изучает английский язык и хочет проникнуться в американскую культуру, так как слова и фразы в сериале будут понятны даже для базового и среднего уровня. Однако, как и любой кинотекст, сериал имеет свои особенности, диалекты, фразеологизмы и т.д., которые можно заметить в диалогах между персонажами, так как это еще и «американский английский». Поэтому задачей переводчиков является не только перевести, но и сделать так, чтобы субтитры в полной мере передавали смысл происходящего, а также были удобны для чтения во время просмотра зрителями.

Самыми распространенными видами аудиовизуального перевода являются: дубляж, закадровый голос и субтитры. [1, с. 354]. Чтобы достичь высокого качества перевода субтитров, переводчику необходимо не только владеть языками, быть знакомым с культурой страны, но и знать особенности субтитрирования. Субтитрирование сопровождает сериал в текстовой форме, располагается внизу экрана, кратко передает смысл диалогов, иногда даже описывает звуки, что помогает при просмотре людям с нарушением слуха при этом сохраняя оригинальную версию сериала. Однако, интересно наблюдать, что из-за существования